

"2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың нысаналы топтарын анықтау және қосымша тізімін белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының 2014 жылы 4 желтоқсандағы № 295 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 37 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда N 3181 болып тіркелді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың нысаналы топтарын анықтау және қосымша тізімін белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының 2014 жылы 4 желтоқсандағы № 295 қаулысына толықтырулар енгізілсін (2014 жылы 31 желтоқсандағы № 3038 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізбесінде тіркелген), 2015 жылғы 6 ақпанындағы № 6 аудандық "Новатор" және "Парыз" газеттерінде жарияланған:

1 тармағы келесі мазмұндағы 14 тармақшасымен толықтырылсын:

"терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар кіреді."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Омаров